

Таушық ауылы бойынша жергілікті қоғамдастық жиналыс

Хаттамасы №7

5 маусым 2025 жыл
Сағат 10-00

Таушық ауылы
Мәдениет үйі

Төраға: Таушық ауылы ардагерлер кеңесінің ардагері- А. Жұнбасов

Қатысқандар: Қоғамдық кеңес мүшелері, ардагерлер кеңес мүшелері, Таушық ауылындағы көше бойында орналасқан үй- жайлардың жалпы тұрғындар саны- тұрғындар саны -210 адам. Қоғамдастық жиналысына барлығы – 35 (16,8 пайыз) адам қатысты.

Хатшы: Таушық ауылы әкімі аппаратының нұсқаушысы
Ж.Койшыбаева

Күн тәртібінде:

1. Таушық ауылының атауы жоқ көшелеріне Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің атауын беру туралы.

Тыңдалды:

А.Жұнбасов – Құрметті жиналысқа қатысушылар. Күн тәртібіндегі ұсынымға сәйкес, ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы №211 бұйрығы негізде әзірленген «Әкімшілік- аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидалары» және 2024 жылғы 24 қаңтарда өткен отырысында мақұлданған ҚР ономастикалық жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар негізге алынды. Таушық ауылындағы 4 кварталға (149-189) аралығына «Шоңқалов Торғай» атауын, 4 кварталға (41-78) аралығына «Тлепов Ағия» атауын беру үшін ой-пікірлеріңізді білдіріп, жиналысты ашық деп жариялаймыз.

Сөз сөйлегендер:

1. **Ағияев Ажмухан-** ауыл тұрғыны Қымбатты ауыл ардагерлері, біздің осы бір өтіп жатырған өзіміздің жиналысымызға қатынасып отырмыз ғой. Аталған мәселе жөнінде Жұнбасов мырза айтып өткені өте дұрыс деп есептеймін. Сонымен қатар елімізде, ауылымызда біздің осындай бақытқа ие

болуымыз үшін елімізде көптеген азамат әкелеріміз, шешелеріміз, ағаларымыз аяусыз еңбек етті, соғысқа барды, қайтып келгенде маңдайына қандай жұмыстар тап болды, тартынбай еңбек етті. Елмен бірге аш болды, жоқшылық көрді, бұлданған жоқ, әйтеуір ел үшін қызмет етті. Сол ардагерлердің бірі соғыс ардагері, елге келгендегі қызмет негізінен байланыс қызметкері болып, бір орында үзіліссіз қызмет еткен Тілепов Ағия деген атамыз болды. Біз осы аталарымызды айтып мақтануымыз қажет.

2. Сағындық Мұқанов – ауыл ардагері. Біздің ардагер жайында мынау бір бүгінгі жиналысымыз өте әсерлі болып отыр. Бізге керегі елдің аман болғаны, тәуелсіздігіміздің тұғырының берік болғаны ғой. Аталардың қандай қиындық көргендігін, олардың кім болғандығын, қандай ұрпақ тәрбиелеп өсіргендерін кейінгі еңбегіне қарай бағалауымыз керек. Міне сол Тілепов Ағия атамызда сондай, ел ұмытуға болмайтын абзал азамат болған. Ол кісінің кейіндегі әулеті де сондай абзал жандар болып өсті.

3.Торғайұлы Қуанбек-Маңғыстау математиктерінің атасы болған Торғай атамызды ұмыту мүмкін емес. Торғай Шоңқалов атамыз пәнді оқыту, оны одан әрі талдау және шәкірттеріне жеткізу, білдірту әдістерін жете меңгерген, өзіндік ерекшелігі бар терең білімді маман. Халық ағарту ісінің үздігі, «Қызыл жұлдыз» орденді майдангер атамызға ауылдан көше берілсе, қуанар едік.

Жиналысты қорытындылай келе, ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Таушық ауылының тұрғындары Тілепов Ағияның, Торғай Шоңқаловтың атауларын Таушық ауылындағы атаусыз көшеге беру мақұлдансын:

Тұрғындардың ой-пікірлері тыңдалып, ұсыныстар ашық дауысқа салынды.

Қорытынды:

Қолдаушылар – 35 адам

Қарсы – 0

Қалыс қалғандар – 0

Жиналыс төрағасы:

А. Жұнбасов

Жиналыс хатшысы:

Ж.Койшыбаева

